7.6. Өлшеу жұмысын жүргізу.....	39
7.7. Артериялық қан қысымыңыздың көрсеткішін салыстырып оқу.....	40
7.8. Жүрек соғуының ырғақсыздығын анықтау.....	41
7.9. Бейнебеттегі қан қысымының түрлі-түсті шкаласы.....	41
7.10. Қате туралы хабарлама.....	42
7.11. Ақаулықтарды іздеу және кетіру (1).....	43
7.12. Ақаулықтарды іздеу және кетіру (2).....	43
8. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ.....	44
9. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ.....	45
10. ҚОЛДАНЫЛАТЫН СТАНДАРТТАР. БҰЙЫМДЫ САЛЫСТЫРЫП ТЕКСЕРУ.....	46
11. НЫШАНДАРДЫҢ БЕЛГІЛЕНУІ.....	48
12. КЕПІЛДІК АҚПАРАТЫ.....	49
13. ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ҮЙЛЕСІМДІЛІК БОЙЫНША АҚПАРАТ.....	49

1. КІРІСПЕ

B.Well компаниясы тарапынан өндірілген, өлшеу нәтижелерін дыбыспен сүйемелдейтін PRO-36 иық тұсындағы артериялық қан қысымын өлшеуге арналған бұйымды сатып алғаныңызға алғыс айтамыз. Ыңғайлы әрі жеңіл қолданыс үшін жасалған бұл аспап, систолалық және диастолалық артериялық қан, сондай-ақ осциллометриялық өлшеу әдісін қолданумен жүрек қысқаруларының жиілігін жылдам және сенімді өлшеуді қамтамасыз етеді.

Сіздің артериялық қан қысымыңыз, денсаулығыңыздың күйіне мониторинг жүргізу үшін қолданыла алатын маңызды өлшем болып табылады. Жоғары артериялық қан қысымы (гипертония), қазіргі әлемде жиі кездесетін денсаулық үшін күрделі мәселе болып табылады. Бұл бұйым сіздің артериялық қан қысымыңыздың үнемі бақылауға мүмкіндік береді.

Дыбыспен сүйемелдейтін PRO-36 бұйымы иық тұсындағы артериялық қан қысымын өлшеуге арналған цифрлық, толығымен автоматты бұйым болып табылады.

PRO-36 маңызды артықшылықтары:

- Дыбыс реттегішін күйлеп, дыбыспен сүйемелдеу.
- **IntellectClassic** ең жаңа технологиясы тез, дәл және аурусыз өлшеу үшін ауаны шығарған кезде осциллометриялық өлшеу әдісін қолданады.
- ЖҚЖ қалыпты мәнінен және өлшеу уақытында систоланың кезеңділігінен ауытқу туралы ескертетін дыбыстық белгімен жүрек соғуының ырғақсыздығын анықтау технологиясы.
- Үлкен үш жолақты СК-бейнебет.
- Бір ыңғайлы түйме.
- Соңғы өлшеуді жадқа сақтау.
- Бейнебеттегі қан қысымының түрлі-түсті шкаласы.
- Кір жууға рұқсат ететін алмалы-салмалы тысы бар қол пішіміндегі конустық манжета.
- Батарея қуатының индикаторы.
- Автоматты түрде сөндіру.
- Желілік бейімдеуіші қолдану мүмкіндігі.
- Бұл құрылғы қолдануда қарапайым болып табылады, және жоғары дәлдікті қамтамасыз ету үшін клиникалық зерттеулердің барысында сынақтан өтті.

⚠ PRO-36 бұйымын қолданудың алдында, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз да, сенімді жерге сақтап қойыңыз. Артериялық қан қысымы мен оны өлшеу жөніндегі қосымша сұрақтар бойынша дәрігерге жүгініңіз.

2. АРТЕРИЯЛЫҚ ҚАН ҚЫСЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЛШЕУ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

2.1. Артериялық қан қысымының қалыпты ауытқуылары

Кез келген физикалық белсенділік, қобалжу, күйзеліс, тағам, ішімдік, темекі, дене қалпы мен қызметтің көптеген өзге түрлері немесе факторлар (соның ішінде, артериялық қан қысымын өлшеуді өткізу) артериялық қан қысымының мәніне әсерін тигізетін болады. Осының себебінен артериялық қан қысымының сәйкес көп реттік өлшеулерін алу мүмкін болмайды.

Артериялық қан қысымы бір тәулік бойы үнемі өзгеріп тұрады. Ең жоғары мән әдетте күндіз, ал ең төмен мән әдетте түн ортасында болады. Артериялық қан қысымын түнгі сағат 3-те жоғарылай бастайды және адамдардың көбісі сергек және белсенді болып жүрген күндізгі уақытта ең жоғары деңгейіне жетеді.

Жоғарыда келтірілген ақпаратты ескере отырып, артериялық қан қысымын күн сайын бір уақытта өлшеп тұру керек. Тым жиі өлшеулер қан айналымының бұзылуы салдарынан жарақатқа әкеп соғуы мүмкін, сондықтан әрқашан өлшеу арасында манжетаны босатыңыз және қолдағы қан айналымын қалпына келтіру үшін шамамен 5 минут үзіліс жасаңыз. Бірізді өлшеу кезінде артериялық қан қысымы өлшеулерінің бірдей нәтижелері өте сирек кездеседі. Бұл көптеген факторларға байланысты.

Бұйым сезімтал электрондық құрамдастарды қамтиды (микрокомпьютер). Сондықтан, күшті электрлік немесе электромагниттік өрістердің болуына жол бермеңіз.

Бұйымның дәл жанында (мысалы, ұялы телефондар, қысқа толқынды пештер). Бұл, өлшеулердің дәлдігінің уақытқа бұрамалануына алып келуі мүмкін.

2.2. Артериялық қан қысымы мәндерінің сыныптамасы

Артериялық қан қысымы, егер тыныштық күйінде диастолалық қан қысымы сынап бағанасынан 90 мм-ден артық болса және/немесе систолалық артериялық қан қысымы сынап бағанасынан 140 мм-ден артық болса, жоғары болып саналады. Бұл жағдайда дәрігерге қаралу керек. Егер бұл мәндер осы деңгейде ұзақ уақыт сақталатын болса, бұл сіздің денеңіздегі қан тамырларының тиісті үдемелі зақымдануы салдарынан сіздің денсаулығыңызға қауіп төндіруі мүмкін. Артериялық қан қысымының тым төмен мәндерінде, яғни систолалық қан қысымының мәндері сын.бағ. 100 мм-ден және/немесе диастолалық қан қысымының мәндері сын.бағ. 60 мм-ден төмен болса да дәрігерге қаралу керек. Тіпті қан қысымының мәндері қалыпты болса да, оны АҚҚ өлшеуге арналған бұйымның көмегімен үнемі тексеріп тұру ұсынылады. Осылайша, сіз дер уақытында өз қысымыңыздың көрсеткіштеріндегі мүмкін өзгерістерді анықтай аласыз және тиісті түрде әсер ете аласыз.

Егер сіз артериялық қан қысымын бақылаумен емдеу курсынан өтсеңіз, күнделікті өз бетінше күннің белгілі уақытында өлшеу өткізген кезде өз АҚҚ көрсеткіштеріңізді жазып отырыңыз. Осы мәндерді дәрігеріңізге көрсетіңіз. Дәрігеріңіз тарапынан тағайындалған дәрілердің мөлшерін дербес түрде өлшеу үшін өлшеулеріңіздің нәтижелерін ешқашан қолданбаңыз.

Артерия гипертензиясының Еуропалық қоғамына (European Society of Hypertension – ESH) сәйкес артериялық қан қысымы мәндерін (өлшем бірлік: сын.бағ. мм) жіктеуге арналған кесте

Ауқым	Систолалық артериялық қан қысымы	Диастолалық артериялық қан қысымы	Шаралар
3-дәреже: гипертония ауруының күрделі түрі	180 немесе одан жоғары	110 немесе одан жоғары	Дәрігерге дереу қаралыңыз!
2-дәреже: гипертония ауруының орташа түрі	160-179	100-109	Дәрігерге дереу қаралыңыз
1-дәреже: гипертония ауруының жеңіл түрі	140-159	90-99	Дәрігерге қаралыңыз
Норманың жоғары шегі	130-139	85-89	Дәрігерге қаралыңыз
Қалыпты	130-дан төмен	85-тен төмен	Өз-өзін бақылау
Оңтайлы	120-дан төмен	80-нен төмен	Өз-өзін бақылау

3. БҰЙЫМНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ

PRO-36 үлгісі



- ♥ Жүрек қысқаруларының нышаны
- ▼ Нөлді іздеу нышаны
- 🔋 Батареяның қуаты нөлге жақын
- 🔋 Қуаты таусылған батарея нышаны
- 📶 Жүрек соғуының ырғақсыздығын анықтау
- ▬ Артериялық қан қысымы деңгейінің көрсетімі



Kz

4. ҚОЛДАНУ КӨРСЕТІМДЕРІ

Артериялық қан қысымын өлшеуге арналған цифрлық автоматты бұйым медициналық қызметкерлермен және үй жағдайларында қолдануға арналған және диастолалық және систолалық артериялық қан қысымын және үрлемелі манжета иықтың айналасын орайтын инвазивті емес технологияны пайдаланумен ересек адамда тамырдың соғуы жиілігін өлшеуге арналған артериялық қан қысымын өлшейтін инвазивті емес жүйе болып табылады.






5. ҚАРСЫ КӨРСЕТІМДЕРІ

Білек аймағындағы тері бетінде зақымданулар болған жағдайда, аспапты пайдалануға тыйым салынады.

6. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

1. Бұйымды қолданудан бұрын пайдалану нұсқаулығын немесе бұйымның жиынтығына кіретін басқа құжаттарды мұқият оқып шығыңыз.
2. Қозғалмаңыз, тыныш күйде қала беріңіз және артериялық қан қысымын өлшеудің алдында 5 минут демала тұрыңыз.
3. Манжета жүрек деңгейінде орналасуы тиіс.
4. Өлшеу кезінде қозғалмаңыз және сөйлемеңіз.
5. Қан қысымын анықтау үшін Сізге екі қолдың да қан қысымын өлшеу керек. Алдағыда өлшеу жұмысын артериялық қан қысымы жоғары болған қолда жүргізу керек.
6. Өлшеулердің арасында, қолдың қан айналымын қалпына келтіру үшін манжетаны әрқашан босатып, әрдайым шамамен 5 минуттай үзіліс жасап отырыңыз. Манжетаның камерасын ұзақ уақыт бойы шамадан тыс толтыру (манжетадағы қысым сын. бағ. 300 мм-ден асады немесе 3 минуттан артық уақыт бойы сын. бағ. 15 мм-ден артық деңгейде сақталады) сіздің қолыңыздан қан ағуға алып келуі мүмкін.
7. Егер қолдануға қатысты қандай да бір күмәніңіз болса, төмендегі жағдайларда дәрігерге қаралыңыз:
 - 1) манжетаны жараға немесе қабыну үдерісінде қою;
 - 2) манжетаны тамыр ішілік қолжетімділік бар болған немесе емдеу жүргізіліп жатқан немесе артериялық-веналық (A-B) шунт болған қол-аяққа қою;
 - 3) манжетаны мастэктомия жағында иыққа салу;
 - 4) бір аяқ-қолға мониторинг жүргізуге арналған басқа да медициналық құрылғыларымен бір уақытта пайдалану;
 - 5) пайдаланушының қан айналымын тексеру қажеттілігі.
8. ⚠ Артериялық қан қысымын өлшеуге арналған бұл цифрлық автоматты бұйым ересектерге арналған және ешқашан

сәбилер немесе кішкентай балалар үшін қолданылмауы тиіс. Жастары үлкен балалар үшін бұйымды қолданудан бұрын өз дәрігеріңізбен немесе медицина саласындағы басқа мамандармен кеңесіңіз.

9. Бұл бұйымды қозғалып бара жатқан көлік құралында пайдаланбаған жөн. Бұл, қате өлшеуге алып келуі мүмкін.
 10. Осы бұйыммен орындалатын артериялық қан қысымы өлшеулері, Коротков дыбыстарын тыңдау әдісін қолдану арқылы білікті медициналық қызметкерлер тарапынан алынған өлшеулерге баламалы болып келеді.
 11. Әлеуетті электромагниттік және артериялық қан қысымын өлшеуге арналған бұйым мен басқа құрылғылар арасындағы басқа кедергілер туралы, сондай-ақ бұл кедергілерді болдырмауға қатысты ұсыныстар туралы ақпарат үшін ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ҮЙЛЕСІМДІЛІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ тарауын қараңыз.
 12. Нышан  өлшеу кезінде тамырдың соғуының бұзылымдары анықталғанын көрсетеді. Бұл жағдайда нәтиже Сіздің шынайы артериялық қан қысымыңыздан ерекшеленуі мүмкін – 15 минут бойы демалыңыз және өлшеуді қайталаңыз. Нышанның пайда болуы  дыбыс белгісімен сүйемелденеді. Әдетте, нышанның бірнеше рет пайда болуы мазасыздық себебі болып табылмайды. Соған қарамастан, егер нышан жиі көріне берсе, біз дәрігерге қаралуға ұсынамыз.
- Индикатордың бейнебетінде жүрек соғуының ырғақсыздығы жиі көрінген кезде, дәрігерге арналған ақпарат**
Құрылғы артериялық қан қысымын өлшейтін осциллометриялық бұйым болып табылады, ол сондай-ақ өлшеу кезінде тамырдың соғуы жиілігіне талдау жасайды. Осы құрылғының дәлдігі клиникалық түрде расталған. Егер өлшеу уақытында тамырдың соғуының тұрақсыздығы орын алса, өлшеуден кейін бейнебетте жүрек соғуының ырғақсыздығының нышаны көрінетін болады . Егер нышан өте жиі пайда болса (мысалы, күнделікті өлшеу кезінде аптасына бірнеше рет), немесе ол әдеттегіден жиірек пайда болатын болса, науқасқа бұл жайлы дәрігерге хабарлауды ұсынамыз.
- Құрылғы кардиологиялық зерттеуді алмастырмайды, бірақ жүрек соғуының ырғақсыздығын ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді.
13. Дайындаушымен жеткізілетін манжеталардан басқасын қолдануға болмайды, кері жағдайда бұл биоүйлесімділікке қауіп төндіруі және дұрыс емес өлшеудің себебі болуы мүмкін.
 14.  Бұйым пайдалану сипаттамаларына сай келмеуі мүмкін немесе айрықшаламада анықталған температура мен ылғалдылықтың шегінен тыс қолдану кезінде немесе сақтау кезінде қауіпсіздік қатерін тудыруы мүмкін.
 15.  Тері ауруларына шалдыққан басқа адамға манжетанызды қолдануға бермеңіз.
 16. Назар аударыңыз, сәйкестік үшін жауапты тараппен мақұлданбаған өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының бұл жабдықтамаңы қолдануға арналған құқығынан айыруына әкеп соғуы мүмкін.
 17. Бұл жабдық, FCC ережелерінің 15-бөлігіне сәйкес, В-классына тиесілі цифрлық құрылғылар үшін қойылатын шектеулерге сәйкестікке тестіленді және соларға сәйкес болып танылды. Бұл шектеулер құрылғы тұрғын

орынжайларда жұмыс істеген кезде зиянды бөгеуілдерден саналы қорғанысты қамтамасыз ету үшін әзірленген. Бұл жабдықтама радио жиілікті энергияны түрлендіреді, қолданады және таратуы мүмкін, және егер ол орнатылмаған болса және нұсқаулықтарға сәйкес қолданылмаса, радио байланыс үшін кері кедергілерді тудыруы мүмкін. Соған қарамастан, бөгеуілдер қандай да бір нақты құрылғыда туындамайтындығына кепілдік беріле алмайды. Егер бұл жабдықтама, жабдықтаманы қосу және сөндіру арқылы анықталуы мүмкін радио- немесе телевизиялық тәсілдеме үшін кедергілер тудыратын болса, пайдаланушы төменде келтірілген шаралардың біреуін немесе одан көбін қолдана отырып кедергілерді жоюға тырыса алады:


- қабылдағыш антеннаны қайта бағыттау немесе басқа жерге қою.
- жабдық пен қабылдағыштың арасындағы қашықтықты ұлғайту.
- жабдықты хабарлағыш қосылған тізбектен ерекшеленетін тізбектің розеткасына қосыңыз.
- көмек алу үшін дилерге немесе радио/ТД бойынша білікті маманға жүгініңіз.


Егер осы жинақтамаға желілік бейімдеуіш қосылмаған болса, оны бөлек сатып алуға болады. AD-155 желілік бейімдеуішін ғана пайдаланыңыз. Басқа кез келген бейімдеуішті қолданған жағдайда сервистік орталық бұйымға кепілдемелік қызмет көрсету бойынша міндеттемелерді тапсырады.

7. КҮЙЛЕУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

7.1. Батареяларды орнату

- Бұйымның артқы панелінің батарея бөлігінің қақпағын ашыңыз.
- «AAA» өлшемді төрт батареяны орнатыңыз. Полярлықты сақтаңыз.
- Батарея бөлігінің қақпағын жабыңыз.
- Батареяларды орнатқаннан немесе бұйымды сөндіргеннен кейін СК-бейнебетте ештеңе көрсетілмейді. Енді бұйым «Сөнд.» күйінде тұр.

⚠ СК-бейнебетте батареяның , «батареялардың қуаты таусылуға жақын қалды» нышаны көрсетілсе, демек, батареяларды қуаты бітті, оларды басқасына ауыстыру керек.

⚠ СК-бейнебетте  «батареяның қуаты таусылды» жазуы көрінгеннен кейін, бұйым өз батареялары басқасына ауыстырылмайынша, сөніп тұрады.

⚠ Қайта қуатталатын батареялар бұл бұйымға жарамайды.

⚠ Егер бұйым бір ай бойы немесе одан да ұзақ уақыт бойы қолданылатын болса, батареядан электролит жылыстаған жағдайда ықтимал бұзылымға мүмкіндік бермеу үшін батареяларды алып шығарыңыз.

⚠ Электролитті көзіңізге тигізбеңіз. Электролит көзге тиіп кеткен кезде тез арада көп мөлшердегі таза сумен жуыңыз және дәрігерге жүгініңіз.

⚠ Бұйымды, батареялары және манжетаны қолдану мерзімінің соңында, оларды жергілікті ережелерге сәйкес кәдеге жарату керек.

7.2. Желілік бейімдеуішті пайдалану

- 1) Желілік бейімдеуішті 110-240 В, 50/60 Гц розеткасына салыңыз.
- 2) Ашаны бұйымның оң жағындағы ұяшыққа салыңыз.

Егер желілік бейімдеуіш бұйымға қосылған болса, батареядан қуат келмейді.

⚠ Алдын ала ескерту

Егер сізге желілік бейімдеуіш талап етілсе, сіз оны бөлек сатып ала аласыз. AD-155 желілік бейімдеуішін ғана пайдаланыңыз. Кез келген басқа бейімдеуіштерді қолданған кезде, кепілдігіңіз жарамсыз болып саналады.

7.3. Дыбыстық хабарламаны күйлеу

- a. Аспап дауысты хабарламаларды екі тілде: орыс және қазақ тілдерінде береді.

Тілді таңдау үшін, аспап сөніп тұрған кезде, «СТАРТ» батырмасын басып, оны 10 секунд бойына ұстап тұрыңыз, дисплейде “L0”, “L1”, “L2” символдарының жыпылықтағанын көресіз. 2, 2-1 суреттерді қараңыз.

Батырманы басып тұрып, “L0”, “L1”, “L2” символдарын теру арқылы Сіз өзіңізге қажет тілді таңдай аласыз немесе дауысты хабарламалар режимін сөндіріп қоюыңызға болады. Бұл үшін басылған батырманы Өзіңізге керек символдың бетіне тақап, босата салсаңыз жеткілікті:

“L0” – дауысты хабарламалар режимі сөндірілген,

“L1” – орыс тілі,

“L2” – қазақ тілі.

- b. Дыбыстық хабарламаның дыбыс деңгейін күйлеу: Тілді таңдап болғаннан кейін, монитор бірдеме айтып жатқан кезде, сіз дыбыстық хабарламаның дыбыс деңгейін күйлеу үшін реттегішті бұрай аласыз.



2-сур.

2-1-сур.




7.4. Манжетаны монитормға жалғау

Ауа түтігінің коннекторын бұйымның сол жағындағы ауа түтігіне арналған ағытпаға нықтап салыңыз. Қолдану кезінде ауаның жылыстауына мүмкіндік бермеу үшін, коннектордың толығымен салынғанына көз жеткізіңіз.

⚠ Өлшеу кезінде біріктіргіш түтік қимасының қысылуына немесе сығылуына мүмкіндік бермеңіз, керісінше жағдайда манжеттадағы тұрақты қысым себебінен дұрыс емес толтыруға немесе ауыр жарақатқа алып келуі мүмкін.

7.5. Манжетаны қою

- Манжетаның шетін металл ілгек (қапталған манжетта соның ішіне әлдеқашан өткізілген болады) арқылы өткізгенде, оны сыртқа (өзіңізге қарай) тартыңыз, керіңіз және жабысқақтағы сыдырманың көмегімен бекітіңіз. Манжетаны манжетаның бүкіл аумағы бойынша нықтап бекітіңіз, бірақ қолдың конустығын ескере отырып, тығыз бекітпеңіз.
- Манжетаны жалаң қолды айналасында, шынтақ шұңқырынан 1-2 см жоғары орналастырыңыз.
- Отырған кезде, қолыңызды алақанымен алдыңызға тегіс қабатқа, мысалы, үстелге қойыңыз. Манжетаны қолыңызға қойыңыз, оның төменгі шеті шынтақ иінінен 1-2 см-ге жоғары қашықтықта орналасуы тиіс. Қызыл таңба (Artery mark) шынтақ шұңқырының үстінде болуы тиіс.
- Манжетта қолды қамтуы тиіс, әйтпесе өлшеу нәтижесі дұрыс болмайды. Манжетаны киімнің үстіне кигізуге ұсыныс берілмейді.



ⓘ Ескертпе:

- Сізге өлшемі жағынан сай келетін тиісті манжетаның қолданылатындығына көз жеткізу үшін ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ бөліміндегі манжетаның енінің ауқымын оқып шығыңыз.
 - Қан қысымын анықтау үшін Сізге екі қолдың да қан қысымын өлшеу керек. Алдағыда өлшеу жұмысын артериялық қан қысымы болған қолда жүргізу керек.
 - Өлшеу кезінде сөйлеменіз, қолыңызды, денеңізді қимылдатпаңыз, бұйым мен резеңке түтікті жылжытпаңыз.
 - Қозғалмаңыз, тыныш күйде қала беріңіз және артериялық қан қысымын өлшеудің алдында 5 минут демала тұрыңыз.
 - Манжетаны таза күйде ұстаңыз. Манжетаның тысын 30°C температурасында қолмен жууға болады. Үтіктеуге болмайды!
- ⚠ **АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУ:** Ішкі иілгіш камераны ешбір жағдайда жууға болмайды! Жуудың алдында иілгіш камераны тыстан алып шығарыңыз да, кейін ақырындап орнына қойыңыз
- Егер қол терісінің қандай да бір асқинуы, ауыр сырқаты, жұқпалы жарақаты болса, манжетаны қолға тақпаңыз.

7.6. Өлшеу жұмысын жүргізу

Өлшеу жұмысын жүргізудің алдында:

- Ас қабылдағаннан, темекі шеккеннен кейін, сондай-ақ физикалық немесе эмоциялық жүктемелердің барлық түрлерінен кейін бірден өлшеуге кіріспеуге тырысыңыз. Осы факторлардың барлығы өлшеу нәтижесіне әсер етеді. Өлшеуден бұрын шамамен он минут ішінде тыныш жағдайда креслода отырып, босаңсуға уақыт табуға тырысыңыз.
- Сіздің иығыңызға жақын орналасқан киімді шешіп тастаңыз.
- Өлшеулерді әрқашан бір қолда жүргізіңіз.
- Өлшеулерді күнделікті тәуліктің бір уақытында өткізуге тырысыңыз, себебі артериялық қан қысымы күн бойы өзгереді.


Отырған кезде ыңғайлы түрде өлшеу

- Отырыңыз да, аяғыңызды айқастырмастан, табанды еденге тегіс күйде қойыңыз.
- Қолыңызды алақанымен алдыңызға тегіс қабатқа, мысалы, үстелге қойыңыз.
- Манжетаның ортасы жүрек деңгейінде болуы тиіс.



Жатқан кезде ыңғайлы түрде өлшеу

- Арқаға жатыңыз.
- Сол қолыңызды түзетіп, алақанын жоғары қаратып, дененің бойына салыңыз.
- Манжета жүрек деңгейінде орналасуы тиіс.



Қателердің жалпы қайнар көздері:


❶ **Ескертпе:** артериялық қан қысымын өлшеудің салыстырмалы нәтижелері әрқашан бірдей шарттарды талап етеді! Бұл, әдетте, әрдайым тыныш шарттар.

- Науқастың қолды ұстап тұруға бағытталған барлық күші, артериялық қан қысымын көтеріп жіберуі мүмкін. Ыңғайлы, босаңсыған күйде екеніңізге көз жеткізіңіз және өлшеу кезінде өлшеніп жатқан қолдың бұлшық етін қозғамаңыз. Қажет болса, тірек үшін жастықты пайдаланыңыз.
- Егер қол артериясы жүректен айтарлықтай төмен (жоғары) болса, онда артериялық қан қысымын өлшеудің нәтижелері қате болуы мүмкін (жоғары немесе төмен)! (Биіктік бойынша айырманың әрбір 15 см-і сын.бағ. 10 мм өлшеу нәтижелерінде қатенің себебі болуы мүмкін)
- Тым тар немесе тым қысқа манжеталарды қолдану, өлшеу нәтижелерінің бұрамалануына себеп болуы мүмкін. Сай келетін манжетаны таңдау төтенше маңызға ие.


- Манжетаның өлшемі иықтың еніне байланысты болады (орталық бойынша өлшенеді). Рұқсат етілген ауқымы манжетатада көрсетілген.
- ① **Ескерте:** Клиникалық тұрғыдан апробацияланған түпнұсқалы манжеталарды ғана қолданыңыз!
- Қатты тартылмаған манжета немесе бүйір жақтан шығып тұрған ауа қалтасы қате өлшеу нәтижелерін алуға себеп болады.
- Қайтадан өлшеу кезінде қан тиісті иықта жинақталып, қате нәтижелерге себеп болуы мүмкін. Сондықтан, дұрыс орындалған артериялық қан қысымын өлшеуді үзілістен кейін 5 минуттан соң қайталау керек.

7.7. Артериялық қан қысымыңыздың көрсеткішін салыстырып оқу


- Манжетаны қойғаннан және денеңізді дұрыс күйге қойғаннан кейін, «БАСТАУ» түймесін басыңыз. Дыбыс белгісі естіледі және бейнебеттің барлық нышандары тексеріле бастайды. 5-сур. қараңыз. Егер ең болмаса бір сегмент болмаса, сервис орталығына жүгініңіз.
- СК-бейнебетте жадқа сақталған соңғы өлшеу қысқа уақытқа пайда болады. 3-1-сур. қараңыз. Егер бұйымда жадқа сақталған өлшеу болмаса, СК-бейнебетте артериялық қан қысымы мен тамырдың соғуының жиілігін өлшеуге арналған «0» пайда болады. 3-2-сур. қараңыз.




3-сур.




3-1-сур.



3-2-сур.



3-3-сур.



3-4-сур.

- Бұйым есіңізге салады: «Назар аударыңыз – өлшеу басталуда – өтінеміз, босаңсыңыз, қозғалмаңыз және сөйлемеңіз». Бұдан кейін бұйым нөлдік қысымды іздей бастайды. 3-3-сур. қараңыз.
- Бұйым манжетаны өлшеу жұмысын жүргізу үшін жеткілікті болатын қысымға дейін толтырады. Содан соң, бұйым манжетадан ауаны баяу шығарып, өлшеу жұмысын орындайды. Соңында, артериялық қан қысымы мен тамырдың соғуы көрсетіліп, СК-бейнебетте көрсетіледі. Бұйым сіздің өлшеу нәтижелеріңізді автоматты түрде 4 рет дыбыспен хабарлайды да, өлшенген қан қысымының деңгейін анықтайды (қалыпты, шектік, қауіпті), 7.9-тармақты қараңыз.

Жүйесіз жүрек соғуы нышаны жыпылықтайды (ондай болса). Дыбыстық хабарлама естілетін болады: «Жүрек соғуының ырғақсыздығы анықталды...». 3-4-сур. қараңыз.

- e. Өлшеп болғаннан кейін бұйым 1 минуттан кейін автоматты түрде жұмыс істемейтін режимде сөндіріледі. Балама ретінде сіз бұйымды қолмен қосу үшін «БАСТАУ» түймесін баса аласыз.
- f. Өлшеу кезінде сіз бұйымды қолмен қосу үшін «БАСТАУ» түймесін баса аласыз.

① **Ескертпе:** қан қысымын өлшеу нәтижелерін түсіндіру үшін медицина саласындағы маманға жүгініңіз.

① **Ескертпе:** бұйым соңғы нәтижені сақтауы мүмкін. Батареяларды ауыстырғанда соңғы нәтиже сақталады.

7.8. Жүрек соғуының ырғақсыздығын анықтау

Жүрек соғуының ырғақсыздығы индикаторының пайда болуы

Нышанының M пайда болуы, өлшеу кезінде тамырдың соғуының кейбір тұрақсыздығы анықталғанын білдіреді. Нәтижесі сіздің қалыпты артериялық қан қысымыңыздан ерекшеленуі мүмкін. Әдетте, бұл алаңдаудың себебі болып табылмайды; алайда, егер нышан M өте жиі пайда болса (мысалы, күнделікті өлшеу кезінде аптасына бірнеше рет), немесе ол әдеттегіден жиірек пайда болатын болса, бұл жайлы өз дәрігеріңізге хабарлауды ұсынамыз. Дәрігерге келесі түсініктемені көрсетіңіз:

Индикатордың бейнебетінде жүрек соғуының ырғақсыздығы жиі көрінген кезде, дәрігерге арналған ақпарат

Құрылғы артериялық қан қысымын өлшейтін осциллометриялық бұйым болып табылады, ол сондай-ақ өлшеу кезінде тамырдың соғуының жиілігіне талдау жасайды. Осы құрылғының дәлдігі клиникалық түрде расталған. Егер өлшеу уақытында тамырдың соғуының тұрақсыздығы орын алса, өлшеуден кейін бейнебетте жүрек соғуының ырғақсыздығының нышаны көрінетін болады M . Егер нышан өте жиі пайда болса (мысалы, күнделікті өлшеу кезінде аптасына бірнеше рет), немесе ол әдеттегіден жиірек пайда болатын болса, науқасқа бұл жайлы дәрігерге хабарлауды ұсынамыз.

Құрылғы кардиологиялық зерттеуді алмастырмайды, бірақ жүрек соғуының ырғақсыздығын ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді.

7.9. Бейнебеттегі қан қысымының түрлі-түсті шкаласы

Бейнебеттің сол жақ шетіндегі түрлі-түсті индикаторлар артериялық қан қысымының көрсетілген мәндері болатын PRO-36 бұйымының бейнебетінің сол жақ шетіндегі түрлі-түсті индикаторлар өлшенген артериялық қан қысымының

KZ

нәтижесі болатын шектегі ауқымды көрсетеді. Индикатордың биіктігіне байланысты, есептелетін мән қалыпты (жасыл түс) немесе шектік (сары және қызғылт-сары түс) немесе қауіпті (қызыл түс) ауқым шегінде болады.

Сыныптама, Еуропа гипертензия қоғамы тарапынан белгіленген кестедегі және 2.2-тармақта сипатталған кестедегі 6 ауқымға сай келеді. Гипертензияның Еуропалық қоғамының (ESH) ұсыныстары гипертонияны аса тиімді диагностикалауға және емдеуге мүмкіндік береді және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстарына қарама-қайшы келмейді.

«Қалыпты» қан қысымының индикаторы



«Шектік» қан қысымының индикаторы



«Қауіпті» қан қысымының индикаторы



7.10. Қате туралы хабарлама

Бұйым СК-бейнебетте бірден «Н!» немесе «Lo» қате туралы хабарламаны көрсетеді, егер өлшенген артериялық қан қысымы (систолалық немесе диастолалық) ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ бөлімінде белгіленген ұйғарынды ауқымнан тысқары болса. Бұл жағдайда дәрігерге қаралу немесе әрекеттеріңіздің нұсқауларға сәйкестігін тексеру қажет.


Қате туралы хабарламаның көрінуі (рұқсат етілген ауқымнан тысқары) дайындаушы зауытта алдын ала белгіленген және өзгертілуі немесе белсенділіктен босатылуы мүмкін. Бұл хабарламаға қате бойынша IEC 60601-1-8 талаптарына сәйкес төмен басымдық берілді.

Қате туралы хабарлама тиянақталған болып табылмайды және бастапқы күйге келтіруді талап етпейді. СК-бейнебетте көрсетілген сигнал, шамамен 8 секундтан кейін автоматты түрде ғайып болады.

7.11. Ақаулықтарды іздеу және кетіру (1)

АҚАУЛЫҚ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	КЕТІРУ ӘДІСІ
СК-бейнебет қате нәтижені көрсетеді	Манжета дұрыс қойылмаған немесе тиісті түрде тартылмаған	Манжетаны дұрыс қойыңыз және қайтадан өлшеңіз
	Өлшеу кезінде дененің дұрыс орналаспауы	ӨЛШЕУ КЕЗІНДЕ ДЕНЕНІҢ КҮЙІ бөлімінің нұсқауларын оқып, қайтадан өлшеңіз.
	Өлшеу кезінде сөйлеу, қолды, денені қимылдату, ашулану, қозу немесе жүйке мазалану	Өлшеу кезінде тыныш күйде және сөйлеспей немесе қозғалмай қайтадан өлшеу
	Жүйесіз жүрек соғуы (жүрек соғуының ырғақсыздығы)	Жүрек соғуының ырғақсыздығының күрделі дәрежесіне шалдыққан адамдарға артериялық қан қысымын өлшеуге арналған бұйымды қолдану жарамайды.

7.12. Ақаулықтарды іздеу және кетіру (2)

АҚАУЛЫҚ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	КЕТІРУ ӘДІСІ
СК-бейнебет батареяның төмен қуатының нышанын көрсетеді 	Батарея қуатының төмен деңгейі	Батареяларды ауыстырыңыз
СК-бейнебет «Ег 0» көрсетеді	Үдету жүйесі өлшеудің алдында тұрақсыз жұмыс істейді	Қозғалмаңыз және қайтадан өлшеңіз
СК-бейнебет «Ег 1» көрсетеді	Систолалық қан қысымы анықталмады	
СК-бейнебет «Ег 2» көрсетеді	Диастолалық қан қысымы анықталмады	

СК-бейнебет «Ег 3» көрсетеді	Пневматикалық жүйе бұғатталған немесе манжета толтыру кезінде тым қатты тартылған	Манжетаны дұрыс қойыңыз да, қайтадан өлшеңіз
СК-бейнебет «Ег 4» көрсетеді	Пневматикалық жүйеден жылыстау немесе манжета толтыру кезінде тым бос	
СК-бейнебет «Ег 5» көрсетеді	Манжетадағы қан қысымы сын.бағ. 300 мм-ден жоғары	5 минуттан кейін тағы да өлшеп көріңіз. Егер бұйым баяғыдай дұрыс емес жұмыс істесе, авторластырылған сервистік орталыққа немесе жергілікті дистрибьюторге жүгініңіз.
СК-бейнебет «Ег 6» көрсетеді	Манжетада сын.бағ. 15 мм-ден жоғары қан қысымымен 3 минуттан артық.	
СК-бейнебет «Ег 7» көрсетеді	EEPROM (электрлік түрде өшірілетін бағдарламаланатын ТЕК) қолжетімділік қатесі	
СК-бейнебет «Ег 8» көрсетеді	Құрылғының параметрін салыстырып тексеру қатесі	
СК-бейнебет «Ег А» көрсетеді	Қан қысымы қадағасының параметрінің қатесі	Батареяларды бес минутқа алып шығарыңыз, содан соң барлық батареяларды қайта орнатыңыз.
Түймеге басқанда немесе батареяны орнатқанда, жауап жоқ.	Дұрыс пайдаланбау немесе күшті электромагниттік бөгөуілдер.	

8. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

1. △ Бұйымды құлатпаңыз және қатты соққыға ұшыратпаңыз.
2. △ Жоғары температура мен тікелей күн сәулелерінің әсеріне ұшыратпаңыз. Бұйымды суға батырмаңыз, себебі ол бұзылып кетуі мүмкін.
3. Егер бұйым суықта сақталса, оны қолданудың алдында, оны бөлме температурасына дейін қыздырыңыз.
4. △ Бұйымды бөлшектеуге тырыспаңыз.
5. Бұйымды ұзақ уақыт бойы қолданбасаңыз, батареяларды алып шығарыңыз.

6. Бұйымның пайдаланушылық параметрлерін 2 жыл сайын немесе жөндеуден кейін тексеру ұсынылады. Сервис орталығына жүгініңіз.
7. Мониторды құрғақ жұмсақ матамен немесе зарарсыздандырғыш спиртпен немесе жуғыш құралмен сұйылтылған суға малғаннан кейін жақсырақ сығылған жұмсақ матамен сүртіңіз.
8. Пайдаланушы бұйымның ешбір құрамдасына техникалық қызмет көрсете алмайды. Түбегейлі сызбалар, жинақтама бөлшектердің тізімдері, сипаттамалар, күйге келтіру нұсқаулықтары немесе пайдаланушының білікті техникалық персоналына жөндеуге жарамды болып белгіленген жабдықтың бөліктерін тиісінше жөндеуге көмектесетін басқа да ақпарат ұсынылуы мүмкін.
9. Бұйым қауіпсіздік бойынша сипаттамалар мен жұмыс бойынша сипаттамаларды кемінде 10000 рет өлшеу ішінде немесе үш жыл бойы сақтауы мүмкін, ал манжетаның бүтіндігі сыдырманы ашып-жабудың 1000 циклынан кейін сақталады.
10. Манжетаны аптасына 2 рет зарарсыздандыру ұсынылады, егер қажет болса (мысалы, ауруханада немесе клиникада). Этил спиртіне (75-90%) батырғаннан кейін сығылған жұмсақ матаның көмегімен манжетаның ішкі жағын (теріге тиетін жағын) сүртіңіз, содан соң манжетаны ауада кептіріңіз.

Манжетаның тысын 30°C температурасында қолмен жууға болады. Үтіктеуге болмайды!

⚠ АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУ: Ішкі иілгіш камераны ешбір жағдайда жууға болмайды! Жуудың алдында иілгіш камераны тыстан алып шығарыңыз да, кейін ақырындап орнына қойыңыз.

9. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

1. Бұйымның атауы: артериялық қан қысымын өлшеуге арналған бұйым.
2. Үлгісі: PRO-36.
3. Сыныптама: ішкі қуат көзімен, BF, IPX0 типті қойылатын бөлік, AP немесе APG жоқ, үздіксіз жұмыс.
4. Бұйымның габариттері: 87мм x 122мм x 53мм (3 7/16" x 4 13/16" x 2 3/32").
5. Манжета шеңбері: 22см~42см (8 21/32"~16 17/32") немесе 22см~32см (8 21/32"~ 12 19/32").
6. Салмағы шамамен 200 г (6 7/8 у) (батареялар мен манжетасыз).
7. Өлшеу әдісі: осциллометриялық, ауаны автоматты түрде үдету және өлшеу.
8. Жад көлемі: жадта соңғы өлшеу ғана сақталады.

9. Қуат көзі: 6В === 600 МА тұрақты ток, батареялар: 4 × 1.5В === AAA ӨЛШЕМІ

Желілік бейімдеуіш (опциялы түрде)

10.Өлшеулер ауқымы:

Манжетадағы қысым: сын. бағ. 0-300 мм

Систолалық: сын. бағ. 60-280 мм

Диастолалық: сын. бағ. 20-199 мм

Тамырдың соғуының жиілігі: Минутына 40-200 соққы.

11.Дәлсіздік:

Қысымы: сын. бағ. ±3 мм

Тамырдың соғуының жиілігі: ±5%.

12.Өлшеу жұмысын орындаған кезде қоршаған ортаның температурасы: 10 °С~40 °С (50°F~104°F).

13.Өлшеу кезіндегі қоршаған ортаның ылғалдылығы: ≤85% (салыстырмалы ылғалдылық).

14.Сақтау және тасымалдау кезінде қоршаған ортаның температурасы: -20°С~70°С (-4°Ф~122°Ф).

15.Сақтау және тасымалдау кезіндегі қоршаған ортаның ылғалдылығы: 10% - 95% (салыстырмалы ылғалдылық).

16.Қоршаған ортаның қысымы: 84 - 106,7 кПа.

17.Батареялардың қызмет ету мерзімі: шамамен толтырудың 270 циклы.

18.Жинақтама: 22 - 42 см иық ені үшін М – L өлшемді немесе 22-32 см иық ені үшін M өлшемді иыққа арналған конустық манжета (бұйымның жинақтамасына байланысты), сақтауға арналған сөмке, AAA типті батареялар – 4 дана, желілік бейімдеуіш (егер ол жинақтамаға қосылған болса), пайдалану нұсқаулығы, кепілдік талоны.

❗ **Ескертпе:** Бұл техникалық сипаттамалар алдын ала хабарландырусыз өзгертілуі мүмкін.

10. ҚОЛДАНЫЛАТЫН СТАНДАРТТАР. БҰЙЫМДЫ САЛЫСТЫРЫП ТЕКSERУ

Артериялық қан қысымын өлшеу үшін цифрлық автоматты бұйым төменде көрсетілген стандарттарға сай келеді:

IEC 60601-1:2005/EN 60601-1:2006/AC:2010 (Медициналық электрлік жабдық – 1 бөлік: Негізгі қауіпсіздік пен пайдаланушылық сипаттамаларға қойылатын жалпы талаптар),

IEC60601-1-2:2007/EN 60601-1-2:2007 /AC:2010 (Медициналық электрлік жабдық – 1-2 бөлік: Негізгі қауіпсіздік пен пайдалану сипаттамаларына қойылатын жалпы талаптар - Көмекші стандарт), Электромагниттік үйлесімділік -Талаптар мен сынақтар),

46

IEC 80601-2-30: 2009+Cor.2010 (Медициналық электрлік жабдық – 2-30 бөлік: Автоматтандырылған инвазивті емес сфигмоманометрлердің негізгі қауіпсіздігі мен пайдаланушылық сипаттамаларына қойылатын арнайы талаптар), EN 1060-1: 1995 + A1: 2002 + A2: 2009 (Инвазивті емес сфигмоманометрлер – 1-бөлік: Жалпы талаптар), EN 1060-3: 1997 + A1: 2005 + A2: 2009 (Инвазивті емес сфигмоманометрлер – 3-бөлік: Артериялық қан қысымын өлшеуге арналған электрмеханикалық жүйелерге қойылатын қосымша талаптар).

Тіркеу куәлігі № РЗН

Сәйкестік туралы декларация.

Техникалық реттеу және метрология жөніндегі Федералдық Агенттіктің өлшеу құралдарының түрін бекіту туралы сертификат.

Бұйымды салыстырып тексеру

Ресейдегі салыстырып тексеру аралығы – 2 жыл, Қазақстанда – 2 жыл.
Біз бұйымның дәлдігін 2 жыл сайын немесе механикалық әсерден кейін
(мысалы, құлағаннан кейін) тексеруді ұсынамыз.

Тест жүргізу үшін авторластырылған сервис орталығына жүгініңіз.

Тексеру туралы толығырақ ақпаратты Ресей стандартының жергілікті бөлімшесінен ала аласыз. Бұйым «МӨК. Артериялық қан қысымының инвазивті емес өлшегіштері (Метрология бойынша ұсыныстар Р 50.2.032-2004) салыстырып тексеру әдістемесіне сәйкес салыстырып тексеріледі.

11. НЫШАНДАРДЫҢ БЕЛГІЛЕНУІ



ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫН ОҚЫП ШЫҒУ КЕРЕК
(Белгі фонының түсі: көгілдір. Белгінің графикалық нышаны: ақ)



АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУ



ҚОЙЫЛАТЫН БӨЛІКТЕРІ ВF ТИПІ
(Манжета қойылатын бөлік ВF типі болып табылады)



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – Электртехникалық өнімдердің қалдықтарын тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жарату ұсынылмайды. Оларды арнайы мүмкіндіктер қарастырылған жерде кәдеге жаратыңыз. Кәдеге жарату бойынша кеңес алу үшін өзіңіздің жергілікті билік органыңызға немесе бөлшек сауда кәсіпорнына барыңыз.



ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ АТАУЫ



Артикул нөмірі



Сериялық нөмірі



0044

CE (0044)
белгісі MDD93/42/ЕЕС талаптарына сай келеді



Тұрақты ток электр қуатының жалғағышының полярлығы

10°C



ПРИМЕНЕНИЕ

ҚОЛДАНУ
ҚОЛДАНУ ТЕМПЕРАТУРАСЫ 10°C ~ 40°C

-20°C



ХРАНЕНИЕ

САҚТАУ
САҚТАУ ТЕМПЕРАТУРАСЫ -20°C ~ 70°C



ҚҰРҒАҚ ЖЕРДЕ САҚТАҢЫЗ

12. КЕПІЛДІК АҚПАРАТЫ

Кепілдік мерзімі: бұйымды сатып алған күннен бастап 3 жыл және манжета мен бейімдеуіш үшін 1 жыл. Бұл кепілдік, дұрыс қолданбауға байланысты туындаған қандай да бір бұзылымдарға, сондай-ақ батареялар мен қаптамаға таралмайды. Егер өндірістік ақаулық кепілдік мерзімі бойы анықталатын болса, жарамсыз торап жөнделетін болады, немесе егер жөндеу мүмкін емес болса, басқасына ауыстырылады.

Дайындаушы қажет болса, алдын ала хабардар етпестен, тораптарды жартылай немесе толығымен өзгертуге құқылы болады.

Дайындалған күні **SN** бұйымының сериялық нөміріндегі жапсырмада (бұйымның кері жағы) көрсетілген: **WWYYXXXXX**. Бірінші және екінші сан (WW) – өндірілген аптасы, үшінші және төртінші сан (YY) – өндірілген жылы.

13. ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ҮЙЛЕСІМДІЛІК БОЙЫНША АҚПАРАТ

1-кесте

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ЖАБДЫҚТАР МЕН ЖҮЙЕЛЕРДІҢ барлығы үшін

KZ

Дайындаушының нұсқаулығы мен декларациясы – электромагниттік сәулелер

PRO 33 бұйымы төменде көрсетілген электромагниттік ортада қолданылуға арналған. PRO-36 тапсырыс берушісі немесе пайдаланушысы бұйымның осында ортада қолданылатындығына көз жеткізуі тиіс.		
Сәулеленуді тексеру	Сәйкестік	Электромагниттік ортада пайдалану нұсқаулығы
Радиосәулелер	1-топ	PRO-36 бұйымы радиожилікті энергияны тек өзінің атқарымы үшін ғана қолданады. Сондықтан, оның радиосәулеленуі өте аз және көршілес электрондық жабдықта қандай да бір бөгелуді туындатпайды.

Радиосәулелер CISPR 11	В классы	PRO-36 бұйымы тұрмыстық мақсаттарда қолданылатын ғимараттарды қамтамасыз етуші қуаттың төмен вольтты желісіне тікелей жалғанған тұрғын орынжайларды және орынжайларды қоса алғанда барлық мекемелерде қолдануға жарамды.
Гармоникалық құрамдастардың эмиссиясы IEC 61000-3-2	А классы	
Қан қысымы ауытқыған/күр өзгерген кезде сәулелендіру IEC 61000-3-3	Сай келеді	

Дайындаушының нұсқаулығы мен декларациясы – электромагниттік төзімділік


PRO-36 бұйымы төменде көрсетілген электромагниттік ортада қолданылуға арналған. PRO-36 тапсырыс берушісі немесе пайдаланушысы бұйымның осында ортада қолданылатындығына көз жеткізуі тиіс.			
Тұрақтылықты тексеру	Бақылау деңгейі IEC 60601	Сәйкестік деңгейі	Электромагниттік ортада пайдалану нұсқаулығы
Электростатикалық разряд (ESD) IEC 61000-4-2	± 6 кВ түйісу ± 8 кВ ауа	± 6 кВ түйісу ± 8 кВ ауа	Едендер ағаш, бетон немесе керамика тақтасынан орындалуы тиіс. Егер еден синтетикалық материалмен қапталған болса, онда ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 30%-дан кем болмауы тиіс.

Тез электрлік ауыспалы үдерістер немесе кернеу жарқылдары IEC 61000-4-4	± 2 кВ электрмен қамту желілері үшін ± 1 кВ кіріс/шығыс желілері үшін	± 2 кВ электрмен қамту желілері үшін	Электр қуатының сапасы стандартты коммерциялық немесе ауруханалық ортаға сәйкес келуі тиіс.
Кернеу жарқылдары IEC 61000-4-5	± 1 кВ желі(лер)ден желі(лер)ге дейін ± 2 кВ	± 1 кВ желі(лер)ден желі(лер)ге дейін ± 2 кВ	Электр қуатының сапасы стандартты коммерциялық немесе ауруханалық ортаға сәйкес келуі тиіс.
Кернеуді төмендету, электр қуатының кіріс желілерінде қысқа уақыттық үзілістер мен өзгерістер IEC 61000-4-11	<5 % UT (>95 % кернеудің UT-де төмендеуі) 0,5 цикл ішінде 40 % UT (>60 % кернеудің UT-де төмендеуі) 5 цикл ішінде 70 % UT (>30 % кернеудің UT-де төмендеуі) 25 цикл ішінде <5 % UT (>95 % кернеудің UT-де төмендеуі) 5 с ішінде	<5 % UT (>95 % кернеудің UT-де төмендеуі) 0,5 цикл ішінде 40 % UT (>60 % кернеудің UT-де төмендеуі) 5 цикл ішінде 70 % UT (>30 % кернеудің UT-де төмендеуі) 25 цикл ішінде <5 % UT (>95 % кернеудің UT-де төмендеуі) 5 с ішінде	Электр қуатының сапасы стандартты коммерциялық немесе ауруханалық ортаға сәйкес келуі тиіс. Егер PRO-36 пайдаланушысына электр қуаты желісінде үзілістер болған кезде үздіксіз жұмыс талап етілсе, үздіксіз жұмыс талап етілсе, PRO-36 электр қуатын үздіксіз қуаттан немесе батареядан алу ұсынылады.
Өнеркәсіптік жиіліктің магнит өрісі (50/60 Гц) IEC 61000-4-8	3 А/м	3 А/м	Өнеркәсіптік жиіліктің магнит өрісі стандартты коммерциялық немесе ауруханалық ортада стандартты түрде орналастыру үшін тән болып келетін деңгейде болуы тиіс.

ӨМІРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТПЕЙТІН МЕДИЦИНАЛЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ЖАБДЫҚТАР МЕН ЖҮЙЕЛЕР үшін

Дайындаушының нұсқаулығы мен декларациясы – электромагниттік төзімділік

PRO-36 бұйымы төменде көрсетілген электромагниттік ортада қолданылуға арналған. PRO-36 тапсырыс берушісі немесе пайдаланушысы бұйымның осында ортада қолданылатындығына көз жеткізуі тиіс.

Тұрақтылықты тексеру	Бақылау деңгейі IEC 60601	Сәйкестік деңгейі	Электромагниттік ортада пайдалану нұсқаулығы
<p>Дәлденген PT IEC 61000-4-6</p> <p>Сәулелендірілетін радиожілік IEC 61000-4-6</p>	<p>3 В орташа квадраттық кернеу 150 кГц-тен бастап 80 МГц-ке дейін</p> <p>3 В/м 80 МГц-тен бастап 2,5 ГГц-ке дейін</p>	<p>3 3 В орташа квадраттық кернеу</p> <p>3 В/м</p>	<p>PRO-36 бұйымы төменде көрсетілген электромагниттік ортада қолданылуға арналған. PRO-36 тапсырыс берушісі немесе пайдаланушысы бұйымның осында ортада қолданылатындығына көз жеткізуі тиіс.</p> <p>Ұсынылатын бөлу қашықтығы $d=1,2\sqrt{P}$ $d=1,2\sqrt{P} - 80 \text{ МГц-тен } 800 \text{ МГц-ке дейін}$ $d=2,3\sqrt{P} - 800 \text{ МГц-тен } 2,5 \text{ ГГц-ке дейін}$</p> <p>мұндағы P – хабарлағыш өндірушісінің деректеріне сәйкес хабарлағыштың ваттардағы (Вт) ең жоғары шығыс қуаты, ал d – метрде (м) ұсынылатын бөлу қашықтығы.</p> <p>Электромагниттік нысанның көмегімен белгіленгендей, жылжымалы радиохабарлағыштардан келетін сигналдың деңгейі, әрбір жиілік ауқымындағы сәйкестік деңгейінен аз болуы тиіс. Бөгеуілдер келесі нышанмен белгіленген жабдықтың дәл жанында туындауы мүмкін: </p>
<p>1-ЕСКЕРТПЕ 80 МГц-тен 800 МГц-ке дейінгі жиілікте жиіліктердің барынша жоғары ауқымы қолданылады.</p> <p>2-ЕСКЕРТПЕ Бұл нұсқаулар кейбір жағдайларда қолданылады. Электромагниттік сәуленің таралуы, оның сіңірілуіне және құрылмалардан, нысандардан және адамдардан шағылысуына байланысты болады.</p>			

- a. Радио - (ұялы/сымсыз) телефондар және жерүстілік мобильді радиостанциялар, әуесқойлық радиостанциялар, АМ және FM-радиохабар тарату және теледидарлық хабар тарату үшін базалық станциялар сияқты жылжымайтын хабарлағыштардан келетін сигнал деңгейі теориялық тұрғыда дәлдікпен болжануы мүмкін емес. Жылжымайтын радио таратқыштарға байланысты электромагниттік жағдайды бағалау үшін объектіні электромагниттік зерттеудің нәтижелерін ескеру қажет. Егер PRO-36 қолданылатын жердегі сигнал деңгейі радиожилік сәйкестігі деңгейінен асып кетсе, PRO-36 құрылғысын қалыпты жұмыс режимін тексеру керек. Жұмысындағы ақауларды анықтаған кезде, қосымша шаралар қажет болуы мүмкін, мысалы, қайта бағдарлау немесе PRO-36 орналасқан жерін өзгерту.
- b. 150 кГц - 80 МГц жиілік ауқымында сигнал деңгейі 3 В/м-ден кем болмауы тиіс..

4-кесте

ӨМІРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТПЕЙТІН МЕДИЦИНАЛЫҚ ЭЛЕКТРЛІК
ЖАБДЫҚТАР МЕН ЖҮЙЕЛЕР үшін

Тасымалы және мобильді радиобайланыс жабдығы мен PRO-36 арасында ұсынылатын бөлініс қашықтығы

KZ

PRO-36 бұйымы таратылатын радиотолқындардың кедергілері бақыланатын электромагниттік ортада қолдануға арналған. PRO-36 бұйымының тапсырыс берушісі немесе пайдаланушысы төменде ұсынылғандай, байланыс жабдықтамасының ең жоғарғы кіріс қуаттылығына сәйкес, радиобайланыстың ауыспалы және ұялы жабдықтарымен (таратқыштармен) және PRO-36 бұйымы арасындағы ең кем арақашықтықты сақтай отырып, электромагниттік кедергілердің пайда болуының алдын алуға көмектесе алады.

Хабарлағыштың атаулы қуаты, Вт	Хабарлағыштың жиілігіне сәйкес бөлу қашықтығы, м		
	150 кГц-тен 80 МГц-ке дейін d = 1.2√P	80 МГц-тен 800 МГц-ке дейін d = 1.2√P	800 МГц-тен 1,5 ГГц-ке дейін d = 2.3√P
0,01	0,12	0,12	0,23
0,1	0,38	0,38	0,73
1	1,2	1,2	2,3
10	3,8	3,8	7,3
100	12	12	23

53

Жоғарыда көрсетілмеген ең жоғарғы кіріс қуаттылығы бар таратқыштарға, метрлерде (м) ұсынылатын бөлетін d қашықтығын таратқыштың жиілігіне қолданылатын теңдіктің көмегімен есептеуге болады, мұндағы P – таратқыштың дайындаушысына байланысты ваттардағы (Вт) таратқыштың ең жоғарғы кіріс қуаттылығы.

1-ЕСКЕРТПЕ МГц және 800 МГц аралығындағы жиілікте жиіліктердің барынша жоғары ауқымы үшін бөлу қашықтығы қолданылады.

2-ЕСКЕРТПЕ Бұл нұсқаулар кейбір жағдайларда қолданылады. Электромагниттік сәуленің таралуы, оның сіңірілуіне және құрылмалардан, нысандардан және адамдардан шағылысуына байланысты болады.

МОДЕЛЬ PRO-36

Автоматичний прилад для вимірювання артеріального тиску і частоти пульсу

Інструкція з експлуатації

Зміст

1. ВВЕДЕННЯ	56
2. ВАЖЛИВА ІНФОРМАЦІЯ ПРО АРТЕРІАЛЬНИЙ ТИСК І ЙОГО ВИМІРЮВАННЯ	57
2.1. Нормальні коливання артеріального тиску	57
2.2. Класифікація значень артеріального тиску	57
3. СКЛАДОВІ ЧАСТИНИ ПРИЛАДУ	59
4. ПОКАЗАННЯ ДО ЗАСТОСУВАННЯ	59
5. ПРОТИПОКАЗАННЯ	59
6. ЗАПОБІЖНІ ЗАХОДИ	60
7. НАЛАШТУВАННЯ І ПОРЯДОК РОБОТИ	62
7.1. Встановлення батарейок	62
7.2. Використання мережевого адаптера	62
7.3. Налаштування голосового повідомлення	63
7.4. Приєднання манжети до тонометру	63
7.5. Накладення манжети	63
7.6. Проведення вимірювання	64
7.7. Зчитування ваших показань артеріального тиску	65
7.8. Виявлення аритмії серця	66
7.9. Кольорова шкала рівня тиску на дисплеї	67
7.10. Повідомлення про помилку	68
7.11. Пошук і усунення несправностей (1)	68
7.12. Пошук та усунення несправностей (2)	68
8. ТЕХНІЧНЕ ОБСЛУГОВУВАННЯ	69
9. ТЕХНІЧНІ ХАРАКТЕРИСТИКИ	70
10. ЗАСТОСОВУВАНІ СТАНДАРТИ. ПОВІРКА ПРИЛАДУ	71
11. ПОЗНАЧЕННЯ СИМВОЛІВ	72
12. ГАРАНТІЙНА ІНФОРМАЦІЯ	73
13. ІНФОРМАЦІЯ ЩОДО ЕЛЕКТРОМАГНІТНОЇ СУМІСНОСТІ	74

1. ВВЕДЕННЯ

Дякуємо вам за придбання приладу для вимірювання артеріального тиску на плечовій зоні з **голосовим супроводженням** результатів вимірювання PRO-36 компанії B.Well. Даний прилад, створений для зручного і легкого використання, забезпечує швидке і надійне вимірювання систолічного і діастолічного артеріального тиску, а також частоту серцевих скорочень, використовуючи осцилометричний метод вимірювання.

Ваш артеріальний тиск є важливим критерієм, який можна використовувати для моніторингу стану вашого здоров'я. Високий артеріальний тиск (гіпертонія) є серйозною проблемою для здоров'я, яка часто зустрічається в сучасному світі. Даний прилад дозволяє регулярно контролювати ваш артеріальний тиск.

PRO-36 являє собою повністю автоматичний цифровий прилад з голосовим супроводженням для вимірювання артеріального тиску на плечовій зоні.

Важливі переваги PRO-36:

- Голосовий супроводження з налаштованим регулятором гучності.
- Новітня технологія **Intellect Classic** використовує метод осцилометричного вимірювання при спусканні повітря для швидкого, точного і безболісного вимірювання.
- Технологія виявлення аритмії серця зі звуковим сигналом, що попереджає про відхилення від нормальної ЧСС і періодичність систоли під час вимірювання.
- Великий трьохрядковий РК-дисплей.
- Одна зручна кнопка.
- Збереження в пам'яті останнього вимірювання.
- Кольорова шкала рівня тиску на дисплеї.
- Конусна манжета за формою руки зі знімним чохлом, що допускає прання.
- Індикатор розряду батареї.
- Автоматичне відключення.
- Можливість використання мережевого адаптера.
- Цей пристрій є простим у використанні, і був випробуваний в ході клінічних досліджень для забезпечення високої точності.

⚠ Перед використанням приладу PRO-36 уважно прочитайте цю інструкцію і зберігайте її в надійному місці. Для додаткових питань по темі артеріального тиску і його вимірювання зверніться до лікаря.

2. ВАЖЛИВА ІНФОРМАЦІЯ ПРО АРТЕРІАЛЬНИЙ ТИСК І ЙОГО ВИМІРЮВАННЯ

2.1. Нормальні коливання артеріального тиску

